

Сарыағашта бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы ашылды



Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы 191 мыңнан астам халыққа қызмет көрсетіп отырған орталықтардың бірі. Осы орайда, аурухана жанынан «жарақат бекеті» және «қабылдау бөлімінің» ғимараттарының құрылыс жұмыстары аяқталып, сәтті іске қосылып отыр. Сонымен қатар, аурухана базасы заманауи аппараттармен де толықты. Уақытында, әрі жылдам көмек көрсету мақсатында ескі лифтілер де ауыстырылған. Түркістан облыстық қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Мұхан Егізбаев жұмыс сапары барысында аурухананың қызметкерлерімен жүздесті.





Сондай-ақ, Сарыағаш ауданына қарасты Дербісек ауылдық округінде жаңа бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету орталығы халық игілігіне беріліп отыр. 1967 жылдан бері ескі ғимаратта халық емделіп келсе, енді заман талабына сай жаңа жабдықтармен қамтылған орталықта дәрігерлерге көрінуге мүмкіндік алды. Жаңа ғимараттың лентасы қиған Мұқан Егізбаев ақ қалатты абзал жандардың жұмысына сәттілік тіледі.

